


<p>СӘТБАЕВ УНИВЕРСИТЕТІ</p> 	<p>«Қ.И.СӘТБАЕВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ТЕХНИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУ УНИВЕРСИТЕТІ» КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ</p>	
<p>3-деңгейдегі СМЖ құжаты</p>	<p>2022 жылғы «26» 09 №5 редакция</p>	<p>АС 029-03-02.1.02 – 2022</p>

АКАДЕМИЯЛЫҚ САЯСАТ
АС 029-03-02.1.02 – 2022

Алматы 2022

АЛҒЫСӨЗ

1 «Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті»
КЕАҚ Академиялық мәселелер жөніндегі департаментте және Тіркеу
кеңсесінде **ӘЗІРЛЕНДІ**

Академиялық мәселелер жөніндегі
департамент директоры
« 12 » 09 2022 ж.



А.Бауқенов

Тіркеу кеңсесінің басшысы
« 13 » 09 2022 ж.



Н.Қызылбаев

2 КЕЛІСІЛДІ

Басқарма мүшесі - академиялық мәселелер
жөніндегі проректор
« 23 » 09 2022 ж.




Б.Жәутіков

Басқарма мүшесі - корпоративтік даму және
стратегиялық жоспарлау жөніндегі
проректор
« 22 » 09 2022 ж.



Е.Көлдеев

Басқарма мүшесі - ғылым және халықаралық
ынтымақтастық жөніндегі проректор
« 10 » 10 2022 ж.




Ә.Шокпаров

Басқарма мүшесі - әлеуметтік-мәдени
даму жөніндегі проректор
« 20 » 09 2022 ж.



М.Алимханов

Корпоративтік даму департаментінің
директоры
« 19 » 09 2022 ж.



М.Еңсебаева

Заңгерлік қамтамасыз ету және мемлекеттік
сатып алу басқармасы бастығының міндетін
атқарушы
« 16 » 09 2022 ж.



Т.Абуқенов

Құжаттамалық қамтамасыз ету және
млекеттік тілді дамыту бөлімінің
бастығы
« 15 » 09 2022 ж.



Ж.Орақбаева

3 Басқарма төрағасы - Ректордың 2022 жылғы «26» 09 № 12
шешімімен **БЕКІТІЛДІ**

4 2021 жылғы «20» қыркүйектегі №4 редакцияның орнына **ЕНГІЗІЛДІ**

МАЗМҰНЫ

1	Қ.И.Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ-дағы академиялық саясаттың жалпы ережелері	5
2	Академиялық саясат принциптері	7
3	Академиялық саясат ресурстары	9
4	Құжаттарды қабылдау және білім беру бағдарламаларына білім алушыларды қабылдау (бакалавриат, магистратура, докторантура)	12
5	Білім алушылардың құқықтары мен міндеттері	13
6	Білім беру бағдарламалары	14
7	Оқу процесін ұйымдастыру	17
8	Академиялық күнтізбе	19
9	Пәндерге тіркеу және жеке оқу жоспарларын қалыптастыру	19
10	Үлгерімді ағымдағы бақылау, аралық аттестаттау	19
11	Ауыстыру және қайта қабылдау	22
12	Қазақстан тарихы бойынша қорытынды аттестаттау және мемлекеттік емтихан	23
13	Бос білім гранттарына ауыстыру	27
14	Мемлекеттік стипендия	28
15	Қашықтан білім беру және кәсіби дамыту институты	30
16	Білім алушылардың ғылыми-зерттеу жұмысы	31
17	Академиялық емес белсенділік	32
18	Білім <u>алушыларды</u> академиялық қолдау	33
19	Инклюзивті білім беру	33
20	Академиялық ұтқырлық	34
21	Академиялық әдеп	35
22	Жатақханаларда орындарды бөлу қағидалары	36
23	Практиканы ұйымдастыру және түлектерді жұмысқа орналастыру	37
24	Тәртіптік саясат	39
25	Қаржы саясаты	40
	Өзгерістерді тіркеу парағы	41

1 Қ.И.Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ-дағы академиялық саясаттың жалпы ережелері

1.1 Академиялық саясат (бұдан әрі – Саясат) – студенттерге бағытталған оқытуды іске асыруға және білім беру сапасын арттыруға бағытталған білім беру қызметін жоспарлау мен басқару және оқу процесін тиімді ұйымдастыру жөніндегі шаралар, қағидалар мен процедуралар жүйесін қамтиды.

1.2 Академиялық саясат әр адамның зияткерлік дамуын, психофизиологиялық және жеке ерекшеліктерін, оның қабылдау талаптарына сәйкестігін және оқу деңгейінің реттілігін (сабақтастығын) ескере отырып, сапалы білім алуға барлығының құқықтарының теңдігіне, қоғам мүшелері үшін барлық деңгейдегі білімнің қолжетімділігіне бағытталған.

1.3 «Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті» КЕАҚ-дағы (бұдан әрі - ҚазҰТЗУ) академиялық саясат - Жоғары білімнің Еуропалық кеңістігіне интеграциялануын қамтамасыз ету мақсатында жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламалары бойынша оқу процесін тиімді ұйымдастыруды айқындайтын, сапа саласындағы миссияға, пайымға, саясатқа және білім сапасын қамтамасыз етудің ішкі стандарттарына негізделген.

ҚазҰТЗУ ғылыми білімнің жаңа салаларын қалыптастыру және дамыту, қазақстандық және халықаралық деңгейде ғылыми және ғылыми-өндірістік ынтымақтастықты дамыту орталығы ретінде қазіргі цифрлық дәуірдің трансформациясы мен сын-қатерлері жағдайында зерттеу техникалық университетінің мәнін сақтайды, инженерлік білім берудің құндылықтарын дамытады және таратады.

ПАЙЫМДАУ: 2026 жылға қарай QS рейтингі бойынша әлемнің ТОП-200 университетінде болу. Стратегияның мақсаты – жас тәжірибешілердің жаңа буыны үшін ең жақсы білім беретін озық зерттеулерді қамтамасыз ететін, елдің ең жақсы ақыл-ойлары шоғырланған инженерлік білім беру орталығын құру болып табылады. Университет өзінің құндылықтарын дамыту үшін барлық жағдайларды жасауы керек, ал студент пен оқытушы осындай болып табылады, егер бұрын ректор иерархиялық құрылымның басында болса, онда басқарудың жаңа моделінде құндылықты студенттер мен оқытушылар жасайды, құрылымдық бөлімшелер және тікелей ректор құрылымның қолдау элементтері болып табылады. Бағытталған шаралар әлемдегі үздік ТОП-200 университеттің қатарына енуге мүмкіндік береді.

МИССИЯСЫ: *«Адам игілігі үшін ғылым мен білім»*. Университет стратегиялық перспективада өзін Қазақстан, ТМД және Орталық Азияның инженерлік білім беру орталығы ретінде көрсетеді: мұнда ғылыми зерттеулер халықаралық деңгейде орындалады; мұнда университет ғылым мен білім

адамзаттың игілігіне бағытталған нарықтың барлық талаптарын ескере отырып, жоғары білікті мамандарды даярлауға арналған база болып табылады.

1.4 Осы саясат ESG-2015 стандарттарына сәйкес кредиттік оқыту технологиясының стандарттарын жетілдіруге бағытталған, сондай-ақ ЖОО-ның кредиттік технология стандарттарына сәйкестік дәрежесін түсінуге бағытталған. Әрбір студент үшін транспарентті жеке оқыту тәсілін құру арқылы кредиттік оқыту технологиясын ұстану осындай саясаттың басымдығы болып табылады. Осы критерийлерді ұстану, сондай-ақ ЖОО-да осы критерийлерге сәйкес белгіленген процедуралардың болуы – Университеттің академиялық процесінің барлық қатысушылары үшін маңызды тәжірибе болып табылады.

1.5 Осы саясат мынадай нормативтік-құқықтық актілерге сәйкес әзірленді:

1. «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі №319-III Қазақстан Республикасының Заңына (өзгерістермен және толықтырулармен);

2. Қазақстан Республикасының «Ғылым туралы» 2011 жылғы 18 ақпандағы №407-IV Заңына (өзгерістермен және толықтырулармен);

3. «Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру туралы» 2015 жылғы 31 қазандағы №381-V ҚРЗ Қазақстан Республикасының Заңына;

4. «Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы №595 бұйрығының 5-қосымшасына сәйкес жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларына (өзгерістермен және толықтырулармен);

5. Кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларына. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі № 152 бұйрығына өзгеріс енгізу. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 12 қазандағы №563 бұйрығына (Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2018 жылғы 16 қазанда №17554 болып тіркелген);

6. «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі №2 бұйрығына;

7. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2007 жылғы 29 қарашадағы №583 бұйрығымен бекітілген оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру және жүзеге асыру қағидаларына (өзгерістермен және толықтырулармен). Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №5036 болып тіркелді;

8. Бейресми білім беретін, танылған ұйымдардың тізбесіне енгізілген ұйымдар беретін бейресми білім беру арқылы ересектер алған оқыту нәтижелерін тану қағидаларына. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 28 қыркүйектегі №508 бұйрығына (Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2018 жылғы 23 қазанда №17588 болып тіркелген) (өзгерістермен және толықтырулармен);

9. Қашықтықтан білім беру технологиялары бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларына (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 20 наурыздағы №137 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылғы 22 сәуірде №10768 болып тіркелді.) (өзгертулер мен толықтырулармен);

10. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 12 қазандағы №568 бұйрығымен бекітілген Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысын қалыптастыру және бөлу қағидаларына (өзгерістермен және толықтырулармен);

11. «Шетелде, соның ішінде академиялық ұтқырлық шеңберінде оқуға жіберу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 19 қарашадағы №613 бұйрығына (өзгерістермен және толықтырулармен).

2 Академиялық саясат принциптері

2.1 Университеттің білім беру қызметі (оқу және оқыту) сапасының әлемдік білім беру стандарттарына сәйкестігі принципі.

Осы қағида контекстінде білім беру бағдарламаларының мазмұны мен іске асыру процесін жаңғырту жүзеге асырылады. Әрбір білім беру бағдарламасы қол жеткізілген оқу нәтижелерімен өлшенетін біліктіліктің тиісті деңгейін қамтамасыз етуге арналған, ал біліктілік талаптары жүйесі ретінде нәтижелерге қол жеткізуді қамтамасыз ететін бағдарламаның мазмұны халықаралық танылған ғылыми білімге негізделуі тиіс.

2.2 Білім беру процесінің студенттік шоғырлану принципі.

Бұл қағида университеттің білім беру процесінің келесі параметрлерге сәйкестігін болжайды:

- тиімді оқу қызметі арқылы олардың жеке ұмтылыстары мен әлеуметтік қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін оқытушылар мен студенттердің қызметін жандандыруға бағытталған студенттерді орталықтаныдып оқыту ортасының болуы;

- білім алушыға оқу бағдарламаларының шоғырлануы: олардың білім беру бағдарламасы мәлімдеген оқытудың күтілетін нәтижелеріне және қарқынды өзгеріп отыратын еңбек нарығында қажетті құзыреттерге қол жеткізуі;

- оқытушылардың, студенттердің, жұмыс берушілердің жоғары білім деңгейлерінің біліктілік талаптарына, қазіргі еңбек нарығының қажеттіліктеріне сәйкес келетін оқыту нәтижелерін тұжырымдау жөніндегі бірлескен қызметі, оларға қол жеткізу халықаралық танылған заманауи ғылыми біліммен қамтамасыз етіледі;

- икемді білім беру траекториялары негізінде оқыту процесін даралау;
- үлкен инклюзивтілікті қамтамасыз ету негізінде азаматтардың барлық санаттары үшін жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің қолжетімділігі.

2.3 Білім, ғылым және өндірістің интегративтілік принципі.

Ол білім беру бағдарламасының жүйелік мазмұны, ғылым және өндіріс, әсіресе ғылымды қажет ететін арасындағы тепе-теңдікті қамтамасыз етеді. Принципті іске асыру мыналарға бағытталған:

- салалық негіздер мен кәсіби стандарттар негізінде және жаңа кәсіптер мен құзыреттер атласына сәйкес әзірленген практикаға бағдарланған үлгідегі университеттің білім беру бағдарламаларын әзірлеу;

- жетекші шетелдік әріптес жоғары оқу орындарымен және ғылыми орталықтармен бірлескен білім беру бағдарламаларын әзірлеу;

- білім беру бағдарламаларында түлектердің бәсекеге қабілеттілігін арттыратын және өмір бойы жеке білім берудің келесі кезеңінің негізі бола алатын оқытудың күтілетін нәтижелерінің шеңберін тереңдетуге және кеңейтуге бағытталған пәнаралық пәндер санын ұлғайту.

2.4 Өмір бойы оқыту принципі.

Осы қағиданы іске асыру:

- басқа ЖОО-да, соның ішінде шетелдік ЖОО-да академиялық бағдарламаны орындау барысында алынған кредиттерді тану;

- жаңа академиялық және кәсіби мақсаттарға қол жеткізу үшін шетелдік ЖОО берген біліктіліктерді тану;

- азаматтардың барлық санаттары үшін заманауи оқыту технологиялары (қашықтықтан, жаппай ашық онлайн курстар арқылы және т.б.) негізінде жоғары білімнің қолжетімділігі, ашықтығы және жаппай болуы;

- өзін-өзі бағалау, тұрақты кәсіби өсу және одан әрі өзінің білім беру траекториясын, әлеуметтік және кәсіби ұтқырлығын анықтау қабілетін қалыптастыру есебінен қамтамасыз етіледі.

2.5 Білім беруді интернационалдандыру принципі.

Осы қағида университеттің халықаралық білім беру қызметінің түрлері мен нысандары жүйесінде жүзеге асырылады, бұл оның әлемдік білім беру процесіне ену фактісімен расталады. Университет үшін ең перспективалы және маңызды болып табылады:

- білім беру сапасын қамтамасыз ету жөніндегі халықаралық еуропалық желілердің мүшелері болып табылатын агенттіктерде білім беру

бағдарламаларын халықаралық аккредиттеу;

- мамандарды бірлесіп даярлау бағдарламалары (қос дипломды білім беру) бойынша шетелдік серіктес ЖОО-лармен білім беру қызметіндегі кооперация;

- университетте оқитын шетел азаматтарының үлесін арттыру;

- топ-менеджментке және оқу пәндерін ағылшын тілінде оқытуға шетелдік мамандарды тарту;

- студенттер мен оқытушылардың кіріс сияқты, шығыс академиялық ұтқырлығы;

- трансұлттық және трансшекаралық білім беру түріндегі білім беру қызметтерінің экспорты.

Осы қағида сапалы білім алу үшін білім алушылардың барлық әлеуметтік санаттары үшін тең жағдайларды қамтамасыз етуге бағытталған:

- азаматтардың барлық санаттары үшін білім берудің ашықтығы мен қолжетімділігі, мүмкіндігі шектеулі студенттерді қолдау;

- дарынды және мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған заманауи білім беру бағдарламалары бойынша инклюзивті білім беру практикасын кеңейту;

- білім беру процесін саралау және даралау негізінде оқытудың вариативтік модельдерін құру және іске асыру;

- білім беру ресурстарына тең қолжетімділікті қамтамасыз ету, әлеуметтік осал топтағы студенттерге педагогикалық қолдау және консультациялық көмек көрсету үшін арнайы ақпараттық-коммуникациялық платформалар негізінде инклюзивті білім беру ортасын қалыптастыру;

- ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылар үшін (лифтке, пандусқа, сүйемелдеуге және т.б. қажеттілік) сабақ орнына тең жағдай жасау және кедергісіз қол жеткізу.

2.6 Педагогикалық инновацияларды қолдау принципі

- Білім беру бағдарламаларының мазмұнын жетілдіру оқытушылардың педагогикалық қызметін бағалаудың заманауи доминанттарын анықтады:

- релевантты әдістер мен тәсілдермен оқытудан күтілетін нәтижелерге қол жеткізуді қамтамасыз ету;

- жаңа зерттеу тұжырымдамалары мен педагогикалық инновацияларды қалыптастыру;

- оқытушылардың өзін-өзі жетілдіру мотивациясы, мансаптық траекториялар мен академиялық ұтқырлық бағдарламаларын іске асыру;

- пәнаралық білім беру бағдарламаларын әзірлеу және іске асыруға қатысу қабілеті.

3 Академиялық саясат ресурстары

3.1 ҚазҰТЗУ кредиттік оқыту технологиясы бойынша жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің (бакалавриат, магистратура,

докторантура, екінші жоғары білім) деңгейлік бағдарламалары бойынша мамандар даярлауды жүзеге асырады, оның негізгі міндеті оқу процесін регламенттеу және кредит түріндегі білім көлемін есепке алу шеңберінде білім алушылардың білім беру траекториясын таңдау негізінде өзін-өзі ұйымдастыру және өз бетінше білім алу қабілеттерін дамыту болады.

3.2 Білім беру бағдарламаларын іске асыру процестері мен процедуралары деңгейлік біліктілік талаптарына сәйкес келетін оқытудың жоспарланған нәтижелеріне қол жеткізу үшін сапалы орта құруға мүмкіндік беретін ішкі және сыртқы ресурстар жүйелерімен қамтамасыз етіледі. Ішкі және сыртқы ресурстар білім беру қызметінің субъектілері оны белгілі бір қарым-қатынас, қарым-қатынас және өзара әрекеттесу жүйесінде жүзеге асыратын ортаны қалыптастырады: студент-оқытушы; бағдарлама үйлестірушісі-жұмыс беруші, Тапсырыс беруші, басқа да мүдделі тұлғалар.

3.3 Ішкі ресурстарға мыналар жатады: профессор-оқытушылар құрамының кадр ресурсы; инфрақұрылым; білім беру, ғылыми-зерттеу және тәрбие қызметінің өзара байланысты және өзара іс-қимыл процестерінің жүйесі; оқу процесінде білім беру бағдарламаларын жоспарлау және іске асыру процедуралары; оқыту нәтижелерін бағалау саясаты; олардың көрсеткіштерінің өлшенуі негізінде оқыту нәтижелерінің сапасын бағалау процедуралары; сапаның ішкі мониторингі процедуралары; барлық процедураларды ақпараттық-технологиялық сүйемелдеу.

3.4 Ішкі ресурстар университеттің білім беру қызметінің тұжырымдамасын құруға мүмкіндік береді: күтілетін нәтижелер жүйесіндегі Дублиндік дескрипторлар негізінде сипатталған біліктілік талаптары білім беру бағдарламаларының заманауи ғылыми мазмұнымен қамтамасыз етіледі, оларды жоспарлау және іске асыру қазіргі заманның технологиялық және әдістемелік басымдықтарына негізделген білім беру процесін ұйымдастыру әдіснамасымен, сондай-ақ қол жеткізілген нәтижелерді бақылау әдіснамасымен қамтамасыз етіледі.

3.5 Академиялық саясат білім беру процесіне қызмет ететін барлық процестер мен н процедуралардың сапалы жұмыс істеуін қамтамасыз етуге бағытталған. Білім беру бағдарламаларын сапалы іске асыруды қамтамасыз етуге бағытталған маңызды процедуралар мыналар болып табылады:

3.5.1 Оқыту сапасына кепілдік бере алатын профессор-оқытушылар құрамының кадрлық ресурсын қалыптастыру:

- ғылыми біліктілік деңгейі;
- қазіргі заманғы кәсіптік білім берудің мәніне тұжырымдамалық көзқарастардың қалыптасуы;
- өз мамандығы шеңберінде оқытудың заманауи әдістемелерін қолдану қабілеті;
- жеке кәсіптік қызмет саласына оқытудың жаңа технологияларын қалыптастыру және трансферттеу қабілеті нәтижесінде.

3.5.2 Университеттің миссиясы мен стратегиясында айқындалған қағидаттарға негізделетін білім беру бағдарламаларының сапасын жоспарлау, іске асыру және мониторингілеу, оларды ақпараттық-технологиялық сүйемелдеу жүйесін әзірлеу:

- сапа деңгейінің және осы деңгейді арттыруға бағытталған іс-қимылдардың орындалуының тұрақты мониторингі;
- студенттерді сапаны бағалау процедураларына тарту;
- білім беру сапасын бағалау субъектілерінің шеңберіне жұмыс берушілерді, кәсіби қауымдастықтар мен ғылыми қауымдастықтар өкілдерін, тәуелсіз сарапшыларды қосу;
- сапаны бағалау процедураларының ашықтығы мен толық және объективті ақпаратты талдау негізінде негізделген шешімдер қабылдау.

3.5.3 Білім беру ортасын қалыптастырудың оқу және оқу-әдістемелік ресурстарын құру және онда оқыту нәтижелеріне қол жеткізуге бағытталған оқу қызметінің әртүрлі түрлерін жүзеге асыру.

3.5.4 Білім беру процедураларының мазмұны, нысаны мен функциялары және олардың өзара іс-қимылы Академиялық саясаттың құрамдас бөлігі ретінде ішкі оқу-әдістемелік құжаттама жүйесімен реттеледі және сүйемелденеді.

3.5.5 Білім беру бағдарламаларын іске асырудың сыртқы ресурстарына мыналар жатады:

- Қазақстан Республикасы Үкіметінің, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің, Білім және ғылым саласындағы басқа да НҚА-ның заң белгілейтін және нормативтік құжаттары;
- Еуропалық біліктілік шеңбері (Дублин дескрипторлары), Халықаралық және ұлттық мамандықтар жіктеуіштері;
- Болон келісімі мүшелерінің кеңестері мен конференцияларында әр жылдары қабылданған, Еуропалық білім беру кеңістігіндегі қатынастарды дамытуға және жетілдіруге бағытталған барлық декларациялар, конвенциялар, коммюникелер;
- кәсіби стандарттар контекстінде біліктілік талаптарының жүйесі ретінде білім беру бағдарламалары бойынша оқытудың күтілетін нәтижелерін айқындау процедураларына қатысуын көздейтін тұрақты коммуникациялық негізде құрылған тұтынушылармен (жұмыс берушілермен және мүдделі тұлғалармен) қатынастар; еңбек нарығының қажеттіліктері мен даму үрдістерін ескере отырып, білім беру бағдарламаларын түзету; білім алушылардың ғылыми-зерттеу қызметіне, олардың кәсіби практикасына басшылық ету.

4 Құжаттарды қабылдау және білім алушыларды білім беру бағдарламаларына қабылдау (бакалавриат, магистратура, докторантура)

4.1 Білім беру деңгейлері бойынша оқуға қабылдау республикалық немесе жергілікті бюджет қаражаты немесе мақсатты трансферттер шеңберінде республикалық бюджеттен түскен қаражат есебінен білім грантын орналастыру, сондай-ақ азаматтардың өз қаражаты және өзге де көздер есебінен оқуға ақы төлеу арқылы жүзеге асырылады.

4.2 Оқуға қабылдау үміткерлердің өтініштері бойынша конкурстық негізде ұлттық бірыңғай тестілеу (бұдан әрі – ҰБТ), кешенді тестілеу (магистратура) нәтижелері бойынша берілген сертификат балдарына сәйкес және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары (докторантура) бойынша шетел тілі бойынша халықаралық сертификат және білім беру бағдарламалары тобы бойынша түсу емтиханы негізінде жүзеге асырылады.

4.3 Арнайы немесе шығармашылық дайындықты талап ететін білім беру бағдарламалары бойынша оқуға қабылдау арнайы немесе шығармашылық емтихандарды ескере отырып жүзеге асырылады.

4.4 Білім алушыларды мемлекеттік білім беру гранты қаражаты есебінен және ақылы негізде оқу үшін университетке қабылдау шарт негізінде жүзеге асырылады және «Қазақстан Республикасының Жоғары оқу орындарына қабылдаудың үлгілік қағидаларымен» регламенттеледі.

4.5 Оқуға қабылдауды ұйымдастыру «Қ.И.Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ» КЕАҚ оқуға қабылдау қағидаларымен» регламенттеледі.

4.6 ҰБТ нәтижелері бойынша шекті балл жинамағандар бірінші академиялық кезең аяқталғанға дейін ақылы негізде күндізгі оқу нысаны бойынша тыңдаушылар ретінде ҚазҰТЗУ-ға қабылдануы мүмкін. 1 (бірінші) академиялық оқу кезеңі аяқталғаннан кейін тыңдаушылар ҰБТ-ны ұлттық бірыңғай тестілеуді және кешенді тестілеуді өткізу қағидаларына сәйкес белгіленген мерзімде қайта тапсырады.

1 (бірінші) академиялық кезең аяқталғаннан кейін тапсырылатын ҰБТ қорытындысы бойынша шекті балл жинамаған тыңдаушылар ҚазҰТЗУ-дан шығарылуға жатады.

4.7 Үміткерлерді жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларының (магистратура, докторантура) білім алушылар контингентіне қабылдау жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын ұйымдарға оқуға қабылдаудың үлгілік қағидалары негізінде жүзеге асырылады.

4.8 Магистратура мен докторантураның білім беру бағдарламаларының білім алушылар контингентін қалыптастыру ғылыми және педагогикалық кадрларды даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру, сондай-ақ азаматтардың өз қаражаты және өзге де көздер есебінен оқытуға

ақы төлеу арқылы жүзеге асырылады.

4.9 Магистранттарды, докторанттарды ҚазҰТЗУ-ға қабылдау – ғылыми-педагогикалық және бейіндік бағыттар бойынша кадрлар даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру, сондай-ақ білім алушылардың өз қаражаты және өзге де көздер есебінен оқуға ақы төлеу арқылы жүзеге асырылады.

4.10 Магистратураға қабылдау конкурстық негізде, шетел тілін тапсыру және кешенді тестілеу нәтижелері бойынша жүзеге асырылады.

4.11 Докторантураға қабылдау мемлекеттік тілді меңгеру тестін (Қазтест), шетел тілін және түсу емтихандарын тапсыру нәтижелері бойынша конкурстық негізде жүзеге асырылады.

4.12 Шетелдіктерді магистратура мен докторантураға қабылдау ақылы негізде жүзеге асырылады. Шетелдіктердің мемлекеттік білім беру тапсырысына сәйкес конкурстық негізде жоғары оқу орнынан кейінгі тегін білім алуы магистратура бағдарламалары бойынша стипендиялық бағдарламаны қоспағанда, Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарында айқындалады.

4.13 Шетел азаматтарын ҚазҰТЗУ-ға ақылы негізде оқуға қабылдау Қабылдау комиссиясы күнтізбелік жыл ішінде өткізетін әңгімелесу нәтижелері бойынша жүзеге асырылады. Шетелдік азаматтарды қабылдау академиялық күнтізбеге сәйкес келесі академиялық кезең басталғанға дейін 5 (бес) күн ішінде жүзеге асырылады.

4.14 Шетелдік азаматтарды жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламалары бойынша білім беру қызметтерін өтеулі көрсету шарттары негізінде оқуға қабылдау – академиялық күнтізбеге сәйкес күнтізбелік жыл ішінде жүзеге асырылады.

4.15 Шетелдік білім беру ұйымдары берген білім туралы құжаттар «Білім туралы құжаттарды, сондай-ақ білім туралы құжаттары Қазақстан Республикасының аумағында танылатын шетелдік жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім ұйымдарының тізбесін тану қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 19 шілдедегі №352 бұйрығына сәйкес заңнамада белгіленген тәртіпте танылады немесе нострификацияланады.

5 Білім алушылардың құқықтары мен міндеттері

5.1 Білім алушы академиялық процестің клиенті ретінде талап етуге құқылы:

- белгіленген мерзімдерде курстың толтырылуы бойынша ЖОО талаптары сәйкес келген кезде курспен қысқаша танысу мүмкіндігімен білім алушыны еркін дербес тіркеу;
- академиялық күнтізбенің белгіленген мерзімінде осы пәнге бос

орындар болған жағдайда оқытушыны және білім алушының сабақ кестесін еркін таңдау;

- пәннің силлабусымен және курстың көрсетілген академиялық және академиялық емес талаптарымен танысу, келіскен кезде силлабусқа одан әрі қол қою және академиялық күнтізбенің белгіленген мерзімдерінде келіспеген кезде пәннен алу;

- апелляцияның белгіленген мерзімінде білім алушыларды алдын ала таныстырусыз пайдаланылған бағалау критерийлеріне дау айту;

- Кредиттік оқыту технологиясының белгіленген қағидалары шеңберінде басқа білім беру ұйымдарының верификацияланатын транскриптері немесе ЖАОК сертификаттары негізінде кредиттерді қайта есептеуді тану;

- білім алушыларға білім беру, әлеуметтік және психологиялық қолдау көрсету, Университеттің академиялық саясатын сақтауға арналған электрондық байланыстың оқыту арналарымен, оқу материалдарымен және құжаттармен қамтамасыз ету және қолжетімділік.

5.2 Білім алушы осы Саясатты және Университетте оқытудың кредиттік технологиясы қағидаларының талаптарын сақтауға міндетті.

5.3 Білім алушы академиялық адалдық кодексін ұстануға және оны сақтамау салдарының ауырлығын түсінуге міндетті.

5.4 Білім алушы университет кампусының ішінде де, сыртында да тәртіптік саясатты және бағдарламада оқыту бойынша қаржы саясатының талаптарын сақтауға міндетті.

5.5 Ғылыми қызметке терең қызығушылық танытатын білім алушыны кафедра ғылыми нұсқаулықта, сондай-ақ элективті пәндер шеңберінде оқу сабақтарын ғылыми-эксперименттік сабақтарға ауыстыру мүмкіндігімен қамтамасыз етеді.

5.6 Білім алушының транскрипті оқу процесінің барлық жазбалары, бағалары, академиялық және академиялық емес жазбалары, көтермелеулер мен жазалар көрсетілген ажырамас құжат болып табылады.

5.7 Бакалавриаттың білім беру бағдарламасы бойынша оқуды аяқтау туралы диплом алу үшін студент кемінде 240 кредит көлемінде теориялық оқу курсынан өтуге және оң қорытынды аттестаттаудан (қорғаудан) өтуге міндетті.

5.8 Білім алушы тағайындалатын тапсырмалар мен жұмыстарды оқытушы ұсынған және қосымша әдеби деректер негізінде түпнұсқа дереккөздерге (Академиялық адалдық кодексі) дәйексөз келтіру қағидаларын пайдалана отырып дербес өндіруге, пән силлабусында жазылған әрбір критерий үшін балл сомасында көрсетілген ол үшін адал баға алуға, оқытушыдан осы критерийлер шеңберінде ғана бағалауды талап етуге, әлеуметтік, туыстық, діни, этникалық, гендерлік немесе қоғамдық мәртебеге байланысты қосымша бағалау немесе артықшылық алу үшін оқытушыға

жүгінбеуге міндетті.

5.9 Жоғары оқу орнынан кейінгі білім бағдарламасын аяқтау туралы диплом алу үшін білім алушы ғылыми-зерттеу диссертациялық жұмысын қорғауға және оқу жоспарында белгіленген талаптарды орындауға міндетті.

6 Білім беру бағдарламалары

6.1 Білім беру бағдарламалары мерзімді аккредиттеуден өтетін үш тілде, бакалавриат – магистратура – докторантураның үш деңгейі бойынша іске асырылады.

6.2 Білім беру бағдарламалары бағыттар жіктеуішіне сәйкес білім беру бағдарламаларының топтары шеңберінде білім беру қызметін жүргізу құқығына лицензиясы бар университетті даярлау бағыттары бойынша әзірленеді.

6.3 Бакалавриаттың білім беру бағдарламалары мыналарды қамтиды: жалпы білім беру, базалық және бейіндік пәндер циклдарын, практиканың барлық түрлерін және қорытынды аттестаттауды қамтитын теориялық оқыту (кемінде 240 академиялық кредит).

- ғылыми-педагогикалық магистратура бағдарламалары бойынша - магистранттың оқу және ғылыми қызметінің барлық түрлерін қоса алғанда, бүкіл оқу кезеңінде кемінде 120 академиялық кредит игеру;

- бейінді магистратура бағдарламалары бойынша - магистранттың оқу мерзімі 1 жыл болатын кемінде 60 академиялық кредитті және оқу мерзімі 1,5 жыл болатын кемінде 90 академиялық кредитті игеруі;

- докторантура бағдарламалары бойынша - докторанттың оқу және ғылыми қызметінің барлық түрлерін қоса алғанда, кемінде 180 академиялық кредитті игеруі.

6.4 Магистратураның білім беру бағдарламалары мыналарды қамтиды: теориялық оқыту (ғылыми-педагогикалық магистратура, бейіндік магистратура үшін кемінде 120 академиялық кредит; базалық және бейіндік пәндер циклдарын, әр семестрдегі ғылыми-зерттеу жұмыстарын қамтитын оқу мерзімі 1 жыл кемінде 60 академиялық кредит және оқу мерзімі 1,5 жыл кемінде 90 академиялық кредит; эксперименттік-зерттеу жұмысын.

6.5 Докторантураның білім беру бағдарламалары мыналарды қамтиды: базалық және бейіндік пәндер циклдарын қамтитын кемінде 180 академиялық кредитті теориялық оқыту, тағылымдамадан өтуді және докторлық диссертацияны орындауды қамтитын ғылыми-зерттеу жұмысы, қорытынды аттестаттау (12 кредит).

6.6 Білім беру бағдарламаларында пәндер тізімі мен көлемі мынадай жолдармен реттеледі:

- міндетті компонент-типтік оқу бағдарламалары;
- ЖОО компоненті мен таңдау бойынша компоненті-элективті пәндер

каталогтары (ЭПК).

6.7 Білім беру бағдарламаларын бітіруші кафедралар Ұлттық біліктілік шеңберіне, жаңа кәсіптер мен құзыреттер атласына, кәсіби стандарттарға және жұмыс берушілердің талаптарына сәйкес әзірлейді.

6.8 Университеттің барлық білім беру бағдарламалары белгіленген тәртіпте сыртқы сараптамадан өтеді және жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім бағдарламаларының ұлттық тізіліміне енгізіледі.

6.9 Білім беру бағдарламаларын және білім беру қызметінің мониторингін әзірлеу кезінде білім беру бағдарламалары шеңберінде студенттер мен жұмыс берушілерді қоса алғанда, барлық мүдделі тараптар тартылады.

6.10 Әрбір білім беру бағдарламасы Институт Ғылыми кеңесінің шешімімен Университеттің оқу-әдістемелік кеңесінде қаралады және Университеттің Ғылыми кеңесімен бекітіледі.

6.11 Білім беру бағдарламасын әзірлеу кезінде: кадрлармен қамтамасыз ету, білім беру бағдарламасын ақпараттық ресурстармен қамтамасыз ету, материалдық-техникалық қамтамасыз ету, практика базаларымен қамтамасыз ету, білім беру бағдарламаларын іске асыру процесін ақпараттық қолдау, білім беру бағдарламаларын іске асырудың әдістемелік қамтамасыз етілуі ескеріледі.

6.12 Білім беру бағдарламаларын әзірлеу сапасын бақылау мақсатында бағдарлама Академиялық комитеттің бағалау процедурасынан өтеді, оның құрамына білім алушылар, жұмыс берушілер мен академиялық ортаның өкілдері кіреді. Сараптаманың мақсаты – білім беру бағдарламаларының сапасын арттыру. Білім беру бағдарламалары мен әдістемелік құжаттардың сараптамасы ашықтық пен объективтілік қағидаттарына негізделеді.

6.13 Барлық білім беру бағдарламаларында оларды дәйекті қарауды қамтитын бекіту тәртібі болады:

- академиялық комитеттің дайындық бағыттары бойынша шешімі;
- Институт ғылыми кеңесінің шешімі;
- Университеттің оқу-әдістемелік кеңесінің шешімі;
- Университет ғылыми кеңесінің бекітуі.

6.14 Білім беру бағдарламасы Университет жүзеге асыратын білім беру бағдарламаларының тізімінен шығарылуы мүмкін:

- Университет Ғылыми кеңесінің бастамасы бойынша оны іске асырудан бас тартқан немесе іске асырылған 3 жыл ішінде білім беру бағдарламаларына талапкерлерді іріктеу болмаған жағдайда;

- аккредиттеу агенттігінің теріс қорытындысы кезінде Университет ғылыми кеңесінің бастамасы бойынша;

- Университет Ғылыми кеңесінің бастамасы бойынша, егер БББ сапасын сыртқы немесе ішкі бағалау процедураларының кез келгені нәтижесінде іске асырылатын БББ сапасының төмендігі туралы

қорытындылар алынды.

6.15 Білім алушыларды пәндерге тіркеу және жеке оқу жоспарларын қалыптастыру аяқталғаннан кейін білім беру бағдарламасының мазмұнын өзгертуге (пәндерді өзгертуге) жол берілмейді.

6.16 Білім алушылардың ғылыми-зерттеу қызметін дамыту үшін білім беру бағдарламаларына пәндердің атаулары (R&D модулі) енгізіледі.

7 Оқу процесін ұйымдастыру

7.1 Университетте білім беру қызметін жоспарлау академиялық күнтізбе негізінде жүзеге асырылады, онда оқу жылы ішінде оқу және бақылау іс-шараларының, тәжірибелердің барлық түрлерін өткізу кезеңдері демалыс күндерін (демалыс және мереке күндерін) көрсете отырып көрсетіледі. Ағымдағы оқу жылына арналған академиялық күнтізбе білім алушылардың, профессор-оқытушылар құрамының және қызметкерлердің назарына университет сайтында орналастырылады.

7.2 Оқу жылына арналған академиялық күнтізбені оқу нысандары мен деңгейлері бойынша жыл сайын Академиялық мәселелер жөніндегі департамент әзірлейді.

7.3 Ағымдағы оқу жылының академиялық күнтізбесіне өзгерістер тек негізді қажеттілік болған жағдайда ғана ұсыным бойынша енгізілуі мүмкін. Академиялық күнтізбеге енгізілген өзгерістер туралы ақпарат білім алушылардың, профессор-оқытушылар құрамының және университеттің жұмылдырылған бөлімшелерінің қызметкерлерінің назарына жеткізілуі тиіс.

7.3 Оқу процесін ұйымдастыру кредиттік оқыту технологиясының қағидаттарына негізделген, оның негізгі міндеті оқу процесін жоспарлауды регламенттеу және кредиттер түріндегі білім көлемін есепке алу шеңберінде білім беру бағдарламаларын таңдау негізінде білім алушылардың өзін-өзі тәрбиелеу және өзін-өзі жүзеге асыру қабілеттерін қалыптастыру болып табылады.

Триместрлік форманы қолдануға болады.

7.4 Кредиттік оқыту технологиясының жалпы параметрлері:

- әр пән бойынша білім алушылар мен оқытушылардың еңбек шығындарын бағалау үшін кредиттер жүйесін енгізу;
- үш деңгейлі білім беру жүйесі;
- академиялық еркіндік;
- оқу траекториясын таңдау еркіндігі;
- оқытушыны таңдау еркіндігі;
- әрбір оқу пәні бойынша оқу жетістіктерін бағалаудың балдық-рейтингтік жүйесін пайдалану;
- академиялық ұтқырлық;
- білім беру бағдарламаларын аккредиттеу;

- Дипломға еуропалық қосымша (Diploma Supplement);
- Еуропалық трансферт және кредиттерді жинақтау жүйесі (ECTS);
- білім алушыларға білім беру траекториясын таңдауға жәрдемдесетін эдвайзерлерді оқу процесіне тарту.

7.5 Оқу процесін ұйымдастыруда студенттердің білім беру бағдарламаларына деген қызығушылығын қалыптастыруға және оларды оқу траекториясын дұрыс жоспарлауға бағыттауға үлкен мүмкіндіктері бар эдвайзер маңызды рөл атқарады.

Эдвайзерлердің қызметі «Қ.И.Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ» КЕАҚ-дағы Эдвайзер туралы ережемен реттеледі. Эдвайзер туралы ереже 2022.

7.6 Оқу сабақтары мен емтихан сессияларының кестелерін академиялық мәселелер жөніндегі проректор бекітуі және тиісті академиялық кезең басталғанға дейін бір аптадан кешіктірмей білім алушылардың назарына жеткізілуі тиіс.

7.7 Білім алушылар академиялық ұтқырлық бағдарламалары бойынша шетелдік іссапарларда болған немесе денсаулық жағдайы бойынша Университетте бола алмаған жағдайларды қоспағанда, оқу жұмыстарының барлық түрлерін орындауға, кәсіптік практикадан және бақылаудың барлық түрлерінен академиялық күнтізбеде көзделген мерзімдерде қатаң түрде өтуге міндетті. Мұндай жағдайларда білім алушыларға оқу жұмысын орындауға және институт директорының өкіміне сәйкес жеке кесте бойынша аттестациядан өтуге мүмкіндік беріледі.

7.8 Оқытушылар академиялық күнтізбеде белгіленген мерзімде оқыту және бақылау іс-шараларының барлық түрлерін уақтылы жүзеге асыруға міндетті. Қажет болған жағдайда, осы ұзарту білім беру процесінің сапасының нашарлауына және білім алушылардың құқықтарына нұқсан келтірмеуі шартымен, оқытушыға академиялық мәселелер жөніндегі проректордың атына берілген өтініш негізінде қандай да бір іс-шараларды орындау кезеңдерін ұзарту мүмкіндігі берілуі мүмкін.

7.9 Бекітілген кесте шеңберіндегі қандай да бір себептермен өтпеген барлық оқу сабақтары жеке кестеге сәйкес ауыстырылуы және өткізілуі тиіс.

7.10 Оқытушы оқу сабақтарын уақтылы өткізуге дербес жауапты болады.

7.11 Blended Learning (аралас оқыту) – бұл магистрант/докторант өз бетінше онлайн және оқытушымен бетпе-бет білім алатын білім беру тұжырымдамасы.

ҚазҰТЗУ-да Қазақстан мен Орталық Азия өңірлерінде жұмысқа орналасқан, сондай-ақ вахталық әдіспен жұмыс істейтін магистранттар мен PhD докторанттары үшін Blended Learning оқыту қолданылады. Blended Learning технологиясын қолдану жөніндегі ереже ҚазҰТЗУ ресми сайтында орналастырылған. [Blended Learning технологиясын қолдану туралы ереже \(магистратура және докторантура\) 2022.](#)

8 Академиялық күнтізбе

8.1 Бір оқу жылы шеңберінде оқу процесін ұйымдастыру Университет Ғылыми кеңесінің шешімімен бекітілетін Академиялық күнтізбе негізінде жүзеге асырылады.

Академиялық күнтізбеде оқу жылында, демалыс күндері (каникулдар мен мерекелер) оқу сабақтарын, аралық және қорытынды аттестаттауларды, кәсіптік практикаларды және оқу жұмысының басқа да түрлерін өткізу кезеңдері көрсетіледі.

8.2 Оқу жылы теориялық оқыту кезеңдерінен немесе академиялық семестрлерден, ұзақтығы әдетте 15 апта, аралық аттестаттау кезеңдері (емтихан сессиялары) мен қорытынды аттестаттаудан (бітіру жұмыстарын қорғау) тұрады. Демалыс білім алушыларға оқу жылы ішінде кемінде 2 рет беріледі, бітіру курсы қоспағанда, жалпы ұзақтығы кемінде 7 апта болуы тиіс. Екінші және үшінші оқу жылының докторантурасында семестрлер бойынша ғылыми-зерттеу жұмысының кредиттері бөлінеді.

9 Пәндерді тіркеу және жеке оқу жоспарларын қалыптастыру

Білім алушыларды семестр пәндеріне (Enrollment) тіркеуді эдвайзерлердің, кафедралар мен институттардың әдістемелік және консультациялық көмегі кезінде Тіркеу кеңсесі ұйымдастырады. Тіркеу мерзімі академиялық күнтізбеде көрсетіледі. Пәндерге тіркеу ҚазҰТЗУ оқу порталында онлайн режимінде жүргізіледі.

Оқу пәндеріне жазылу келесі принциптерге негізделген:

- оқыту траекториясын таңдау дербестігі;
- оқытушының таңдалуы;
- Жеке оқу жоспарын (бұдан әрі - ЖОЖ) жасағаны үшін жауапкершілік.

Тіркеу екі кезеңде жүргізіледі:

- 1-кезең: Студенттің жеке оқу жоспарын қалыптастыру - студенттің пәні мен оқу тілін таңдайтын пәндерге тіркелуі;
- 2-кезең: Студенттің өз сабақ кестесін қалыптастыруы - студенттер өз кестесін құра алады, онда олар 1-кезеңде таңдалған ЖОЖ пәндерінің ішінен оқытушыны, уақытты және ағымды таңдай алады.

ЖОЖ оқу жұмыс жоспары негізінде құрылады.

10 Үлгерімді ағымдағы бақылау, аралық аттестаттау

10.1 Білім алушылардың оқу жетістіктері - оқу процесінде білім алушылардың алған білімі, іскерлігі, дағдылары мен құзыреттіліктері және жеке тұлғаның қол жеткізілген даму деңгейін көрсетеді.

10.2 Студенттердің (білім алушылардың) оқу тапсырмалары мен тапсырмаларының барлық түрлері бойынша оқу жетістіктері ЖОО-дағы білімді бақылау және бағалау жөніндегі мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес білімді бағалаудың балдық-рейтингтік әріптік жүйесі бойынша бағаланады.

10.3 Студенттердің үлгерімін ағымдағы бақылау оқу пәнінің әрбір тақырыбы бойынша жүргізіледі және аудиториялық және аудиториядан тыс сабақтарда білімді бақылауды қамтиды. Ағымдағы бақылауды бағалау (рұқсат беру рейтингін бағалау) аудиториялық сабақтардағы ағымдағы бақылауды бағалаудан және аралық бақылауды бағалаудан (аудиториядан тыс сабақтар) тұрады.

10.4 Пән бойынша қорытынды баға ағымдағы үлгерім мен аралық аттестаттауды бағалауды қамтиды. Студент сабаққа қатысуға міндетті. Студенттердің сабаққа қатысуын бақылауды оқытушы жүзеге асырады.

10.5 Оқу сабағы өткізілген күннен бастап 7 күннен кешіктірмей оқытушы ағымдағы бақылау бағасын және сабаққа қатысу туралы мәліметтерді ұсына отырып, университет порталында сабаққа қатысудың электрондық журналын толтыруға міндетті. Электрондық журнал – студенттің сабаққа қатысуын және оның үлгерімін көрсететін ресми құжат.

Оқытушылардың электрондық журналды уақтылы толтыруын бақылауды кафедра меңгерушісі, Тіркеу кеңсесі мен Университеттің ҚКҚ және HR қызметі тиісті мониторинг жүргізеді.

10.6 Аралық бақылау бір оқу пәні шеңберінде бір академиялық кезең ішінде кемінде екі рет жүргізіледі.

Студенттерді екі аттестаттау қарастырылған: 1-аттестаттау (Midterm) – семестрдің 8-аптасында (триместрдің 5-аптасы), 2-аттестаттау (Enterm) – Академиялық күнтізбеге сәйкес семестрдің 15-аптасында (триместрдің 10-аптасы). 1-аттестаттаудың нәтижелері (аттестаттауды өткізу сәтінде білім алушылардың жинаған балдарының саны) аттестаттау аптасының сабағы аяқталғаннан кейін күнтізбелік 7 күн ішінде электрондық аттестаттау ведомосына енгізіледі. 2-аттестаттау нәтижелері электрондық аттестаттау ведомосына аттестаттау аптасының сабағы аяқталғаннан кейін күнтізбелік 7 күн ішінде, бірақ осы пән бойынша емтихан тапсырғанға дейін 1 тәуліктен кешіктірілмей енгізіледі.

10.7 Білім алушыларды аралық аттестаттау – оқуды аяқтағаннан кейін оқу пәнінің бағдарламасына сәйкес білім алушылардың оқу жетістіктерінің (білімдерінің, іскерліктерінің, дағдылары мен құзыреттерінің) деңгейін бағалау процедурасы.

10.8 Білім алушыларды аралық аттестаттау кезеңі емтихан сессиясы деп аталады. Университетте әр академиялық кезең аяқталғаннан кейін емтихан сессиялары белгіленеді. Әр сессияны өткізуге 3 аптадан артық уақыт бөлінбейді.

Емтихан сессиясының мерзімділігі мен ұзақтығы білім беру бағдарламасының жұмыс оқу жоспарына және Университеттің Ғылыми кеңесі бекіткен академиялық күнтізбеге сәйкес айқындалады.

10.9 Емтихан сессиясын ұйымдастыруды Тіркеу кеңсесінің модераторы жүзеге асырады. Емтихан кестесі жасалады, оны жетекшілік ететін проректор емтихан сессиясы басталғанға дейін 4 аптадан кешіктірмей бекітеді. Бұдан басқа, ТК емтихан сессиясын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі ереженің қағидаларын сақтау мәніне емтихандардың мониторингін жүргізеді.

10.10 ТК институттар директорларының келісімінсіз прокторларды тағайындайды. Бұл ретте емтиханға шығарылатын пән бойынша сабақ өткізбеген кафедралардың оқытушылары және Университеттің оқу және оқу-әдістемелік бөлімшелерінің менеджерлер құрамының өкілдері ғана белгілі бір пән бойынша емтихандағы прокторлар бола алады. Емтихан ағындарының санына байланысты ТК қосымша прокторларды да тағайындай алады.

10.11 Емтихандар, әдетте, жазбаша түрде (проблемалық және ситуациялық сипаттағы сұрақтармен), ауызша, компьютерлік жұмыс түрінде немесе курстық жобаны қорғау түрінде өткізіледі. Қорытынды емтиханның барлық төрт түрі тек сессия кезінде өткізіледі, әр түрлі уақыт аралығында кезеңдерге бөлінбейді. Тапсырмалардың түрлері «дұрыс/бұрыс» сұрақтарынан, бірнеше таңдаудан, есептерді шешуден, жобаларды орындаудан, эссе жазудан және т.б. тұруы мүмкін. Емтиханның ұзақтығы үш (3) сағаттан аспауы керек.

Сараланған сынақтар білім алушының зертханалық және есептеу-графикалық жұмыстарды, курстық жобаларды (жұмыстарды) сәтті орындауын, сондай-ақ бекітілген бағдарламаға сәйкес кәсіптік практикадан өтуін тексеру нысаны болып табылады.

«Қазақстан тарихы» пәні бойынша мемлекеттік емтихан «Қ.И.Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ» КЕАҚ-да «Қазақстан тарихы» пәні бойынша мемлекеттік емтиханды ұйымдастыру және өткізу туралы ережеге сәйкес өткізіледі.

ҚазҰТЗУ-дың нормативтік құжаттарында өзге де мемлекеттік емтихандарды ұйымдастыру мен өткізудің ерекше тәртібі белгіленуі мүмкін.

10.12 «Дене шынықтыру» пәні бойынша сынақ семестрдің соңғы аптасында оқу сабақтары кезінде тапсырылады. Сынақ алу үшін ең төменгі баға - 50 балды құрайды. Есепті бағалаудың әріптік баламалары: «Р» (Pass) – «есепке алынды» және «NP» (No Pass) – «есепке алынбады». GPA санау кезінде сынақ бағалары есепке алынбайды, бірақ бакалавриатты аяқтау үшін осы пән бойынша сынақ қажет.

10.13 Практика бойынша аралық аттестаттауды практика бойынша есептерді қорғауды қабылдайтын комиссия (практика басшысының кәсіпорын/ұйымнан, практика басшысының ҚазҰТЗУ-дан пікірлерін ескере

отырып) жүргізеді.

Есептерді тапсыру және қорытынды бағаны оқу немесе оқу-өндірістік практика, өндірістік практика бойынша порталда электрондық ведомосқа қою мерзімі – келесі оқу семестрінің басынан бастап 1 ай ішінде.

10.14 Студенттерді аралық аттестаттауды ұйымдастыру және өткізу Тіркеу кеңсесіне жүктеледі. Аралық аттестаттау нәтижелері бойынша Тіркеу кеңсесі студенттердің академиялық рейтингін жасайды. Емтихан ведомостары Тіркеу кеңсесінде сақталады.

10.15 Білім алушыларды пән бойынша емтиханға жіберу автоматты түрде жүзеге асырылады:

- үлгерімді ағымдағы және межелік бақылау нәтижелері бойынша айқындалатын рұқсат беру рейтингін бағалау негізінде (екі аттестаттау үшін кемінде 25 қажетті семестрлік баллдың жалпы саны);

- оқу ақысын төлеу бойынша берешегі жоқ;

- пән бойынша оқу сабақтарын өткізудің 20%-дан астамы жоқ;

- академиялық демалыста емес.

10.16 Студент белгіленген мерзімде бекітілген кестеге сәйкес емтиханға/сынаққа кешікпей келуге міндетті; жеке куәлік үшін ID картасын көрсету қажет. Емтихандарды онлайн форматта тапсырған кезде студент камераны қосып, ID картасымен сәйкестендіруге міндетті. Студент емтихан сессиясын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі ережені қатаң сақтауға міндетті.

11 Ауыстыру және қайта қабылдау

11.1 Білім алушыларды бір білім беру ұйымынан екіншісіне; бір оқу түрінен екіншісіне; бір білім беру бағдарламасынан екіншісіне; ақылы негізден мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқытуға ауыстыру жүзеге асырылады.

11.2 Күндізгі оқу түріндегі білім алушылардың ауысу және қайта қабылдау туралы өтініштерін Университет басшылығы академиялық кезеңдер арасындағы кез келген каникул кезеңінде, **бірақ қабылдаушы білім беру ұйымының алдағы академиялық кезеңнің 1-оқу аптасынан кешіктірмей қарайды.**

11.3 Жоғары оқу орындарының (бұдан әрі – ЖОО) білім алушылары, егер олар кемінде 30 кредит көлеміндегі жеке оқу жоспарына сәйкес игерілетін бағдарламаның бірінші академиялық кезеңі толық аяқталған болса, оқудан шығарылғаннан кейін ауыстырылуы немесе қайта қабылдануы мүмкін.

Білім алушыларды басқа ЖОО-дан ҚазҰТЗУ-ға ауыстыру және қайта қабылдау кезінде барлық кезеңдегі ең төменгі GPA 2,0-ден төмен болмауы тиіс.

Бұл ретте білім алушы оқудың кез келген түріне, кез келген білім беру бағдарламасына және оқуға қабылдау кезінде оқудан шығару мерзімдеріне қарамастан кез келген ЖОО-ға ауысуға немесе қайта қабылдануға құқылы.

